

"Сәйкестікті растау саласындағы модульдік тәсіл" техникалық регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 қарашадағы № 1218 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 1519 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.13 № 1519 Қаулысымен.

«Техникалық регламенттерді әзірлеу жөніндегі жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2243 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Сәйкестікті растау саласындағы модульдік тәсіл» техникалық регламенті бекітілсін.
2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы алғашқы жарияланған күнінен бастап он екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2010 жылғы	18 қарашадағы
№ 1218 қаулысымен	
бекітілген	

«Сәйкестікті растау саласындағы модульдік тәсіл» техникалық регламенті

1. Қолданылу саласы

1. Осы «Сәйкестікті растау саласындағы модульдік тәсіл» техникалық регламенті (бұдан әрі - Техникалық регламент) өнімнің адамға және (немесе) қоршаған ортаға пайдаланудың шынайы жағдайында зиян келтіруінің әлеуетті қаупіне қарай түрлі модульдерді қолдануға негізделген өнімнің сәйкестігін растау саласындағы ережелерден тұрады және модульдерге қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

2. Техникалық регламент ережелері өнімге арналған техникалық

регламенттерде сәйкестікті растау саласында модульдерді белгілеу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін және сатылатын өнімді міндетті және ерікті растау рәсімдерін жүргізу кезінде қолданылады.

Осы Техникалық регламентпен белгіленген модульдерді қызметтердің сәйкестігін ерікті растау кезінде қолдануға болады.

3. Техникалық регламент талаптары Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы қызметке қатысатын заңды және жеке тұлғаларға қолданылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

4. Осы Техникалық регламентте «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген терминдер қолданылады.

Оларға қосымша мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) өнімді нарыққа шығару - сауда қызметі шегінде өнімді ақылы және тегін негізде нарықта тарату, тұтыну немесе пайдалану мақсатымен оны кез келген ж е т к і з у ;

2) дайындаушы - өнімді дайындайтын немесе оның нұсқауы бойынша өнім жобаланатын немесе дайындалатын және осы өнімді өзінің меншікті атауымен немесе өзінің меншікті маркасымен сататын жеке немесе заңды тұлға;

3) нарықта орналастыру - өнімді нарыққа бірінші шығару;

4) уәкілетті өкіл - Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, дайындаушының атынан нақты міндеттер шегінде әрекет етуге мүмкіндік беретін жазбаша тапсырма алған жеке немесе заңды тұлға.

3. Модульдерді пайдаланудың негізгі қағидаттары

5. Модульдерді пайдалану кезінде мынадай қағидаттар қолданылады:

1) өнімнің сәйкестігін растау кезінде модульдерді таңдау өнімнің техникалық регламент талаптарына сәйкестігіне сенімді қамтамасыз ету, ал ол болмаған жағдайда - қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша өнімге арналған нормативтік құжат талаптарына (бұдан әрі - белгіленген талаптарға) сәйкестігіне сенімді қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с ;

2) қолданылатын модульдер сәйкессіздік салдарынан туындайтын қауіптерді ескере отырып, өнімнің белгіленген талаптарға сәйкес келетініне сенімді болу үшін қажетті болатындай барынша күрделі болмауы тиіс;

3) сәйкестікті растау мақсаттары үшін модульдерді қолдану өнімді жобалау және (немесе) өндіру немесе сату кезеңінде жүзеге асырылуы тиіс;

4) техникалық регламенттерде оларды қолдану өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін барынша қамтамасыз ететін модульдер жиынтығы мен

олар бойынша дайындаушы (жеткізуші) оның өндірісіне барынша жауап беретін модульдерді таңдай алатын шарттарға қатысты өлшемдер белгіленуі тиіс;

5) техникалық регламенттерде дайындаушылар (жеткізушілер) таңдау үшін рұқсат етілген модульдер жиынтығының ықтимал нұсқаларын анықтаған кезде өнім түрі, онымен байланысты қауіптер, өндіріс сипаты, сынақ базасының болуы және т.с.с. ескерілуі тиіс;

б) егер техникалық регламенттерде дайындаушының (жеткізушінің) сапа менеджменті жүйесін бағалауға негізделген жеке модульдерді қолдану мүмкіндігі қарастырылса, дайындаушы (жеткізуші) сапа жүйесін бағалауға негізделмеген модульдерді немесе олардың жиынтығын (регламенттермен белгіленген талаптарға сәйкестікті растау үшін тек бір нақты рәсім қолданылатын жағдайдан басқа) балама қолдану мүмкіндігіне ие болуы тию.

4. Жалпы ережелер

6. Өнімнің нақты түрлерінің сәйкестігін растау саласында модульдерді қолдану бойынша талаптар өнімге арналған техникалық регламенттерде белгіленеді.

Өнімге арналған бекітілген техникалық регламент болмаған жағдайда, сәйкестікті растау мақсаттарына арналған модульдерді сәйкестікті растау жөніндегі орган анықтайды. Бұл ретте дайындаушы (жеткізуші) модульдер немесе олардың жиынтығын балама қолдану мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

7. Сәйкестікті растау рәсімдері оларды экономиканың нақты секторындағы белгілі бір жағдайлар талап ететін жағдайда модульдерде келтірілген рәсімдерден ерекшеленуі мүмкін. Бұндай ауытқулар шектелген және тиісті техникалық регламентте негізделген болуы тиіс.

8. Сәйкестікті растау үшін А, А1, А2, В, С, С1, С2, D, D1, E, E1, F, F1, G, G1, H, H1 модульдері пайдаланылады. Сәйкестікті растау мақсатында қолданылатын модульдер мен "әр модуль құрамындағы рәсімдер тізбесі 1-қосымшада берілген.

9. Сәйкестікті растау кезінде модульдерді пайдаланған жағдайда мыналарды ескеру қажет:

1) әр модуль дайындаушы мен сәйкестікті растау жөніндегі орган міндеттерін анықтайды;

2) С, С1, С2, D, E және F модульдері В модулімен жинақта пайдаланылады, жеке жағдайларда (мысалы құрастырылуы мен дизайні қарапайым бұйымдарды өндірген жағдайда) олар жеке пайдаланылуы мүмкін;

3) А, G, G-1, H модульдері жеке пайдаланылады.

5. Сәйкестікті растау рәсімдерінің модульдері 5.1 А модулі (дайындаушының өндірісті ішкі бақылауы)

10. Өнімді өндіру кезеңінде қолданылады.

Оның көмегімен 11-12-тармақтар талаптарын орындайтын дайындаушы жеке өзінің жауаптылығымен нақты өнімнің оған қолданылатын белгіленген талаптарға жауап беретіндігіне кепілдік беріп мәлімдейтін сәйкестікті растау р ә с і м і .

11. Дайындаушы 116-тармаққа сәйкес келетін өнімге арналған техникалық құжаттамаға ие болуы керек.

12. Дайындаушы өндірістік процесс және осы процеске бақылау дайындалған өнімнің техникалық құжаттамаға және оған қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуі үшін қажетті барлық шараларды қабылдауы тиіс. Дайындаушы өнімді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес таңбалайды.

13. Дайындаушы Өнімнің сәйкестігі туралы декларацияны қабылдауы және оны сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркеуі тиіс.

14. 13-тармақта берілген талаптарды, егер бұл дайындаушы атынан іс-әрекетті жүзеге асыруға арналған шартта көзделген жағдайда, дайындаушының уәкілетті өкілі орындай алады.

5.2 А1 (дайындаушының өндірісті ішкі бақылауы және сәйкестікті растау жөніндегі орган бақылауымен жүргізілетін өнімді сынау) және А2 (дайындаушының өндіріске ішкі бақылауы және ерікті уақыт аралығынан кейін сәйкестікті растау жөніндегі орган бақылауымен жүргізілетін өнімді іріктеп тексеру) модульдері

15. А1 модулі мынадай қосымша талаптарды қосумен А модулінен тұрады. өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру мақсатында дайындаушы не ол уәкілеттік берген тұлға әр дайындалған өнімге сынақ жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс:

сынақтар дайындаушының таңдауы бойынша: дайындаушының өзінің аккредиттелген сынақ зертханасымен немесе дайындаушы таңдаған басқа аккредиттелген зертханада сәйкестікті растау жөніндегі орган бақылауымен жүргізілуі керек. Соңғы жағдайда дайындаушы сәйкестікті растау жөніндегі органның жауаптылығымен, ол келіскен жағдайда, әр бұйымды осы органның сәйкестендіру нөмірін көрсетіп, Сәйкестік белгісімен таңбалай алады; сәйкестікті растау жөніндегі орган бақылауымен жүргізілуі қажет сынақтар тізбесін, егер осы өнімге техникалық регламент болмаса, сәйкестікті растау

жөнiндегi

орган

анықтайды.

16. А2 модулі мынадай қосымша талаптарды қамти отырып, А модулінен тұрады:

өнімнің технологиялық күрделілігі мен оның санын есепке ала отырып, өнімнің ішкі бақылау сапасын тексеру мақсатында өнімді іріктеп тексерулер мен сынақтарды сәйкестікті растау жөнiндегi орган жүргізуі тиіс;

сынақтар дайындаушының таңдауы бойынша: дайындаушының өзінің аккредиттелген сынақ зертханасы немесе дайындаушы таңдаған сәйкестікті растау жөнiндегi орган бақылауымен өзге аккредиттелген зертхана тиісінше зертхана немесе орган анықтаған ерікті уақыт аралығында, бірақ кемінде 3 ай сайын жүргізуі тиіс;

өндірісте іріктелген дайын өнімнің жеткілікті іріктемесі аккредиттелген зертханада белгіленген талаптарға сәйкестікке зерттелуі және сыналуды тиіс. Сынау үшін іріктеме көлемі мен іріктеп бақылау әдістемесін сәйкестікті растау жөнiндегi орган анықтауы және өнімге қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс;

егер бір немесе одан да көп тексерілген үлгі белгіленген талаптарға жауап бермеген жағдайда дайындаушы өнімді сәйкес келтіру бойынша қажетті шараларды қабылдайды;

сәйкестікті растау жөнiндегi органның қатысуымен тексеру мен сынаулар жүргізген жағдайда дайындаушы сәйкестікті растау жөнiндегi орган жауаптылығымен, оның келісімі бойынша осы органның сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, әр бұйымды Сәйкестік белгісімен таңбалай алады.

5.3 В модулі (түрдің сәйкестігін растау)

17. Өнімді әзірлеу кезеңінде қолданылады.

Сәйкестікті растау жөнiндегi орган бұйым түрінің техникалық жобасын немесе типтік үлгісін зерттейді, растайды және өнім түрінің техникалық жобасының немесе типтік үлгісінің белгіленген талаптарға сәйкестігін растайды.

18. Түрдің сәйкестікті растау мына тәсілдердің біреуімен жүзеге асырылады:

1) мәлімделген өндірістің дайын өнімінің типтік үшін сынау (типтік үлгісін тексеру);

2) техникалық құжаттамаға, 116-тармақта белгіленген растаушы құжаттарға сараптама жүргізу және типтік үлгіні сынау (типтік үлгісі және оның жобасын тексеру комбинациясы) жолымен өнім түрінің техникалық жобасының сәйкестігін бағалау;

3) техникалық құжаттаманы және 116-тармақта белгіленген растаушы құжаттарды типтік үлгіге сынау жүргізбей (типтік үлгінің жобасын тексеру)

сараптама жүргізу жолымен өнім-түрінің техникалық жобасының сәйкестігін
б а ғ а л а у .

19. Дайындаушы тек бір сәйкестікті растау жөніндегі органға өзінің таңдауы бойынша түрдің сәйкестігін растауға өтінімін береді. Дайындаушы (орындаушы) сәйкестікті растау жөніндегі органға осы өндіріс өнімінің типтік үлгісін және түрдің сәйкестігін растау үшін қажетті техникалық құжаттаманы береді.

20. Типтік үлгі түрлендірулер арасындағы айырмашылық өнімнің қауіпсіздік деңгейіне әсер етпейтіні жағдайда бірнеше түрлендірулерді және оны пайдалану бойынша басқа талаптарды қамтуы мүмкін.

Қажет болған жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі орган, егер ұсынылған үлгі сынақ бағдарламасын орындау үшін жеткіліксіз болса, өнімнің қосымша үлгілерін қ а т ы с т ы р а а л а д ы .

21. Техникалық құжаттама қолданылатын талаптарды белгілеуі, өнімнің конструкциясын, өндірісі мен қызметін қамтуы және 116-тармақта белгіленген ережелерге сәйкес болуға тиіс.

22. Өтінім нысаны 2-қосымшаға сәйкес келуге тиіс.

Өтініммен бірге өнімнің типтік үлгілері сынақ бағдарламасын орындау үшін қажетті санда және түрдің белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын дәлелдер б е р і л е д і .

Осы дәлелдерде, егер әсіресе үйлестірілген стандарттар қолданылмаса, барлық қолданылған құжаттар болуға тиіс.

Дәлелдер, егер үйлестірілген стандарттар қолданылмаса, дайындаушының аккредиттелген зертханасы жүргізген сынақ нәтижелерден немесе дайындаушының тапсырмасы және оның жауаптылығымен басқа аккредиттелген зертхана жүргізген сынақ нәтижелерін қамтуға тиіс.

23. Сәйкестікті растау жөніндегі орган:

1) типтік үлгінің жобасын және берілген дәлелдердің жеткіліктілігін тексеру үшін техникалық құжаттамаға және барлық берілген дәлелдерге сараптама жү р г і з е д і ;

2) типтік үлгіні тексеру үшін:

- типтік үлгінің техникалық құжаттамаға сәйкес дайындалғанын тексереді;
- сәйкес стандарттарға орай жобаланған үлгі элементтерін, сондай-ақ осы стандарттардың сәйкес ережелерін пайдаланбай жобаланған элементтерді а н ы қ т а й д ы ;

3) өнімге техникалық регламент болған және дайындаушы үйлестірілген стандарттарды қолданған жағдайда осы стандарттардың дұрыс қолданылуына қажетті зерттеулер мен сынақтарды жүзеге асырады;

4) өнімге техникалық регламенттің болғаны және үйлестірілген стандарттарды қолданбаған жағдайда дайындаушы қабылдаған шешімдердің

өнімге арналған техникалық регламент талаптарына сәйкестігіне тексеру үшін қажетті зерттеулер мен сынақтарды жүзеге асырады;

5) өнімге техникалық регламент болмаған және өзге нормативтік құжаттарды қолданған жағдайда дайындаушы қабылдаған шешімдердің өнім қауіпсіздігінің белгіленген талаптарына сәйкестігін тексеру үшін қажетті зерттеулер мен сынақтарды жүзеге асырады; дайындаушымен зерттеулер мен сынақтар өткізу о р н ы н к е л і с е д і .

24. Сәйкестікті растау жөніндегі орган бағалау туралы есеп ресімдеуге тиіс, онда 23-тармаққа сәйкес жүргізілген жұмыстар мен алынған нәтижелер туралы д е р е к т е р к ө р с е т і л е д і .

Сәйкестікті растау жөніндегі орган дайындаушының келісімінсіз, осы есепті толықтай немесе ішінара мазмұнын жарияламауға тиіс. Мұндай есепті тек есепті ресімдеген сәйкестікті растау жөніндегі органды аккредиттелген органның сұрауы бойынша ғана беруге болады.

Егер тексерілген өнім түрі белгіленген талаптарға жауап беретін жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі орган дайындаушыға түрге сәйкестік сертификатын б е р е д і .

25. Егер тексерілген өнім түрі белгіленген талаптарға жауап бермейтіні жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі орган түрге сәйкестік сертификатын беруден бас тартады және ол туралы осындай бас тартуға егжей-тегжейлі негіздеме бере отырып, дайындаушыға хабарлайды.

26. Сәйкестікті растау жөніндегі орган бұрын тексерілген түрдің белгіленген талаптарға сәйкес болмауын тудыруы мүмкін техникалық регламенттің және онымен үйлестірілген стандарттар талаптарының кез келген өзгерістері туралы ақпаратқа ие болуға тиіс. Осындай ақпарат келіп түскен жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі орган қосымша тексеру өткізу қажеттігі туралы шешім қабылдауға және ол туралы дайындаушыға үш жұмыс күні ішінде хабарлауға т и і с .

27. Дайындаушы өнімнің белгіленген талаптарға немесе сертификат әрекетінің шарттарына сәйкестікке әсер етуі мүмкін тексерілген түрдің барлық түрлендірулері туралы түрге сәйкестік сертификатын берген сәйкестікті растау жөніндегі органға хабарлайды. Мұндай түрлендірулер қосымша тексеру жүргізуді талап етеді, оның нәтижелері түрдің сәйкестік сертификатының түпнұсқасына қоса беріледі.

28. Дайындаушы техникалық құжаттамамен бірге түрдің сәйкестік сертификатын және оның қосымшаларын соңғы бұйымды дайындағаннан кейін 10 жыл бойына сақтауы және Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мемлекеттік бақылау органының талап етуі бойынша олардың көшірмелерін тексеру үшін беруі тиіс.

29. Дайындаушының уәкілетті өкілі, егер бұлар дайындаушы атынан іс-қимылды жүзеге асыруға арналған шартта көзделсе, өтінімді 22-тармаққа сәйкес беріп, 27 және 28-тармақтарда жазылған талаптарды орындай алады.

5.4 С модулі (дайындаушының өндірісті ішкі бақылауына негізделген өнімнің белгіленген түріне сәйкестік)

30. Өнімді өндіру кезеңінде қолданылады.

Өндірістің ішкі бақылауына негізделген өнім түріне сәйкестік сәйкестікті растау рәсімінің бөлігі болып табылады, оның көмегімен 31-32-тармақтар талаптарын орындайтын дайындаушы өз жауаптылығына нақты өнімнің В модуліне сәйкес берілген түрдің сәйкестік сертификатында көрсетілген түрге сәйкес келетініне және оған қолданылатын белгіленген талаптарға жауап беретіндігіне кепілдік береді және ресми мәлімдейді.

31. Дайындаушы өндірістік процесс пен осы процесті бақылау дайындалған өнімнің түрдің сәйкестік сертификатында сипатталған тексерілген түрге және белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараларды қабылдауға тиіс.

32. Дайындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түрдің сәйкестік сертификатында сипатталған, тексерілген түрге және белгіленген талаптарға сәйкес келетін әр жеке бұйымды таңбалауды жүзеге асырады.

33. Дайындаушы Өнімнің сәйкестігі туралы декларацияны қабылдауы, оны сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркеуге тиіс.

34. 32 және 33-тармақтарда берілген талаптарды, егер ол дайындаушы атынан іс-қимылды жүзеге асыруға арналған шартта көзделген жағдайда, дайындаушының уәкілетті өкілі орындай алады.

5.5 С1 (дайындаушының өндірісті ішкі бақылауына және сәйкестікті растау жөніндегі орган бақылауымен өткізілетін өнімді сынауға негізделген өнімнің белгіленген түріне сәйкестік) және С2 (дайындаушының өндірісті ішкі бақылауына және ерікті уақыт аралығында сәйкестікті растау жөніндегі орган бақылауымен өткізілетін өнімді іріктеп тексеру мен сынақтарға негізделген өнімнің белгіленген түрге сәйкестігі) модульдері

35. С1 модулі мынадай қосымша талаптарды қамти отырып, С модулінен тұрады.

Өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру мақсатында дайындаушы не оның уәкілетті өкілі әр дайындалған бұйымға сынақ жүргізілуін қамтамасыз

Сынақтарды дайындаушының таңдауы бойынша: дайындаушының өзінің аккредиттелген сынақ зертханасы немесе дайындаушы таңдаған сәйкестікті растау жөніндегі органның бақылауымен басқа аккредиттелген зертхана жүргізуге тиіс. Соңғы жағдайда дайындаушы сәйкестікті растау жөніндегі орган жауапкершілігімен, ол келіскен жағдайда, осы органның сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, әр бұйымды Сәйкестік белгісімен таңбалай алады.

36. С2 модулі С модулінен мынадай қосымша талаптарды қамтып тұрады.

Өнімнің технологиялық күрделілігін және оның санын есепке алып өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін өнімге ішкі бақылау жеткіліктілігін тексеру мақсатымен 3 ай сайын өнімге іріктеп тексеру мен сынақтар жүргізілуге тиіс.

Бұл сынақтарды дайындаушының таңдауы бойынша дайындаушының өзінің аккредиттелген сынақ зертханасы немесе өзге аккредиттелген зертхана дайындаушы таңдаған сәйкестікті растау жөніндегі органның бақылауымен, зертхана немесе орган анықтаған ерікті уақыт аралығында жүргізуге тиіс.

Тексеру үшін сәйкестікті растау жөніндегі орган дайындау орнында дайын өнім үлгісін іріктейді, зерттейді және белгіленген талаптарға сәйкестікке сынайды. Іріктеу көлемі мен іріктеп бақылау әдістемесін сәйкестікті растау жөніндегі орган анықтайды және осы өнімге арналған нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Сәйкестікті растау жөніндегі орган тексеру жүргізген жағдайда дайындаушы сәйкестікті растау жөніндегі орган жауаптылығымен, ол келіскен жағдайда осы органның сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, әр бұйымды Сәйкестік белгісімен таңбалай алады.

5.6. D (Өнімді өндіру, бақылау және сынау сапасының менеджмент жүйесі арқылы өндіріс процесінің сапасын қамтамасыз етуге негізделген өнімнің белгіленген түріне сәйкестік) модулі

37. Өнімді өндіру кезеңінде қолданылады.

Өндіріс процесінің сапасын қамтамасыз етуге негізделген түрге сәйкестік сәйкестікті растау рәсімінің бөлігі болып табылады, оның көмегімен 38, 39 және 41-тармақтардың талаптарын орындайтын дайындаушы өзінің жеке жауаптылығымен нақты өнімнің В модуліне сәйкес берілген түрдің сәйкестік сертификатында көрсетілген түрге сәйкес келетініне және оған қолданылатын белгіленген талаптарға жауап беретіндігіне кепілдік береді және ресми мәлімдейді.

38. Дайындаушы сәйкестікті растау жөніндегі орган мақұлдаған, 118-

тармақта белгіленген талаптарға сәйкес келуі және 127-130-тармақтарда анықталған ережелерге сәйкес бақылауға жататын қорытынды өнімнің өндірісі, бақылау және сынаудың сапа менеджменті жүйесіне (бұдан әрі - СМЖ) ие болуы т и і с .

39. СМЖ түрдің сәйкестік сертификатында сипатталған және белгіленген талаптарға өнім түрінің сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

40. Дайындаушы өнімнің сәйкестігі туралы декларацияны қабылдауға, оны сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркеуге тиіс.

41. Дайындаушы белгіленген талаптарға, түрдің сәйкестік сертификатында сипатталған өнімге және түрге таратылатын сәйкес келетін әр бұйымды, сәйкестік туралы декларацияны тіркеген сәйкестікті растау жөніндегі орган келіскен жағдайда оның сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, Сәйкестік белгісімен таңбалауды жүзеге асыра алады.

42. 40, 41, 131-тармақтарда берілген талаптарды, егер бұл дайындаушы атынан іс-әрекеттерді жүзеге асыруға арналған шартпен көзделген жағдайда, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға орындай алады.

5.7 D1 (өнімді өндіру, бақылау және сынаудың сапа менеджменті жүйесі арқылы өндіру процесінің сапасын қамтамасыз етуге негізделіп белгіленген талаптарға өнімнің сәйкестігі) модулі

43. Өнімді өндіру кезеңінде В модулінсіз қолданылады.

44. Өндіру процесінің сапасын қамтамасыз ету сәйкестікті растау рәсімі болып табылады, оның көмегімен 45, 46 және 48-тармақтар талаптарын орындайтын дайындаушы, жеке өз басымен нақты өнімнің оған қолданылатын белгіленген талаптарға жауап беретіндігіне кепілдік беріп мәлімдейді. Осы мақсатпен дайындаушы өнімге арналған техникалық құжаттаманы жасайды.

45. Техникалық құжаттама 116-тармақта белгіленген талаптарға сәйкес келуге т и і с .

46. Дайындаушы сәйкестікті растау жөніндегі орган мақұлдаған, оларға қойылатын талаптар 118-тармақта белгіленген, 127-130-тармақтарда анықталған ережелерге сәйкес бақылауға жататын дайын өнімді өндіру, бақылау және сынау С М Ж и е б о л у ы т и і с .

47. Дайындаушы Өнімнің сәйкестігі туралы жазбаша декларация қабылдауға және оны сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркеуге тиіс.

48. Дайындаушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленген талаптарға сәйкес келетін әр бұйымды таңбалауды жүзеге а с ы р а д ы .

49. 47, 48, 131-тармақтарда берілген талаптарды, егер ол дайындаушы

атынан іс-әрекеттерді жүзеге асыруға арналған шартпен көзделген жағдайда, дайындаушы уәкілеттік берген өкіл орындай алады.

5.8 Е модулі (өнімді бақылау және сынаудың сапа менеджменті жүйесі арқылы өнім сапасын қамтамасыз етуге негізделген өнімнің белгіленген түріне сәйкестік)

50. Өнімді өндіру кезеңінде қолданылады.

51. Өнім сапасын қамтамасыз етуге негізделген түрге сәйкестік сәйкестікті растау рәсімінің бөлігі болып табылады, оның көмегімен 52, 53, 55-тармақтардың талаптарын орындайтын дайындаушы өзінің жауапкершілігімен нақты өнімнің түрдің сәйкестік сертификатында көрсетілген түрге сәйкес келетініне және оған қолданылатын белгіленген талаптарға жауап беретіндігіне кепілдік береді және ресми мәлімдейді.

52. Дайындаушы сәйкестікті растау жөніндегі орган мақұлдаған, 118-тармақта белгіленген талаптарға сәйкесетін, 127-130-тармақтарда анықталған ережелерге сәйкес бақылауға жататын өнімді бақылау және сынау СМЖ ие болуы тиіс.

53. СМЖ түрдің сәйкестік сертификатында сипатталған өнім түріне және белгіленген талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуге бағытталуға тиіс.

54. Дайындаушы өнімнің сәйкестігі туралы декларация қабылдауы және оны сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркеуге тиіс.

55. Дайындаушы белгіленген талаптарға, түрдің сәйкестік сертификатында сипатталған өнімге және түрге қолданылатын сәйкес болатын әр бұйымды, сәйкестік туралы декларацияны тіркеген сәйкестікті растау жөніндегі органның келіскен жағдайда оның сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, Сәйкестік белгісімен таңбалауды жүзеге асыра алады.

56. 54, 55, 131-тармақтарда берілген талаптарды, егер ол дайындаушы атынан іс-әрекеттерді жүзеге асыруға арналған шартта көзделген жағдайда, дайындаушы уәкілеттік берген өкілмен орындала алады.

5.9 E1 (өнімді бақылау және сынау СМЖ арқылы өнім сапасын қамтамасыз етуге негізделіп белгіленген талаптарға өнімнің сәйкестігі)

57. Дайын өнімнің сапасын бақылау мен сынауды қамтамасыз ету сәйкестікті растау рәсімі болып табылады, оның көмегімен 58, 59, 61-тармақтардың талаптарын орындайтын дайындаушы тек қана өзінің жауапкершілігімен нақты өнімнің оған қолданылатын белгіленген талаптарға жауап беретіндігіне кепілдік береді және ресми мәлімдейді.

58. Дайындаушы техникалық құжаттаманы жасайды. Техникалық құжаттама оған қолданылатын белгіленген талаптарға өнімнің сәйкестігін растау мүмкіндігін беруге, тәуекелдікті жеткілікті талдау мен бағалаудан тұруға және 116-тармақта белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

59. Дайындаушы сәйкестікті растау жөніндегі орган мақұлдаған, талаптарға сәйкес келетін, 127-130-тармақтарда анықталған ережелерге сәйкес бақылауға жататын 118-тармақта белгіленген дайын өнімді өндіру, бақылау және сынау
С М Ж и е б о л у ғ а т и і с .

60. Дайындаушы өнімнің сәйкестігі туралы декларацияны қабылдауға және оны сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркеуге тиіс.

61. Дайындаушы белгіленген талаптарға, түрдің сәйкестік сертификатында сипатталған өнімге және түрге таратылатын сәйкесетін әр бұйымды, сәйкестік туралы декларацияны тіркеген сәйкестікті растау жөніндегі орган келіскен жағдайда оның сәйкестендіру нөмірін көрсетіп, Сәйкестік белгісімен таңбалауды
ж ү з е г е а с ы р а а л а д ы .

62. 60, 61, 131-тармақтарда айтылған талаптарды, егер ол дайындаушы атынан іс-әрекеттерді жүзеге асыруға арналған шартпен қарастырылған жағдайда , дайындаушының уәкілетті өкілі орындай алады.

5.10 F модулі (өнімнің дайындалған топтамасынан әр үлгіні сынауға немесе сәйкестікті растау жөніндегі орган қатысуымен статистикалық әдістерді қолданып негізделген өнімнің белгіленген түріне сәйкестігі)

63. Өнімді өндіру кезеңінде қолданылады.

64. Өнімді сынауға негізделген түрге сәйкестік сәйкестікті бағалау (растау) рәсімінің бір бөлігі болып табылады, сол арқылы 65, 69, 70-тармақтардың талаптарын орындайтын дайындаушы тек қана өзінің жауапкершілігімен нақты өнімнің түрдің сәйкестік сертификатында көрсетілген түрге сәйкесетіндігіне және оған қолданылатын белгіленген талаптарға жауап беретіндігіне кепілдік береді және ресми мәлімдейді.

65. Дайындаушы өндірістік процесс пен осы процесті бақылау дайындалған өнімнің түрдің сәйкестік сертификатында сипатталған, тексерілген түрге және оған таратылатын белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараларды қолдануы тиіс.

66. Дайындаушы таңдаған сәйкестікті растау жөніндегі орган өнімнің түрдің сәйкестік сертификатында сипатталған түрге және белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау үшін дайындаушының таңдауы бойынша 69-тармақта анықталғандай әр үлгіге зерттеулер мен сынақтар, не 70-тармақта анықталғандай статистикалық әдістерді қолданып өнімге зерттеулер мен сынақ жүргізеді.

67. Әр үлгіні зерттеу және сынау жолымен тексеру.

1) дайындалған топтамадан әр үлгі тиісті нормативтік құжаттармен анықталғандай зерттелуі және сыналуда тиіс немесе әр үлгінің түрдің сәйкестік сертификатында сипатталған түрге немесе белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру үшін бірдей сынақтар жүргізілуге тиіс. Техникалық регламент және (немесе) үйлестірілген стандарт болмаған жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі орган сынақ бағдарламасын анықтауы тиіс.

2) сәйкестікті растау жөніндегі орган дайындаушыға өзінің сәйкестендіру нөмірін әр тексерілген үлгіге салу құқығын береді және өткізілген сынаулар негізінде дайындалған топтамаға арналған түрге сәйкестік сертификатын береді.

68. Статистикалық әдістерді қолданып жеке үлгілерді тексеру.

1) дайындаушы (жеткізуші) сәйкестікті растау жөніндегі органға өнімді тексеру үшін біртекті топтама түрінде береді және әр дайындалған топтаманың біртектілігін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайды;

2) сәйкестікті растау жөніндегі орган белгіленген талаптарға сәйкес әр топтамадан алынған кездейсоқ іріктемені жүргізеді, белгіленген талаптарға әр осындай үлгінің сәйкестігін тексеру үшін әр іріктелген үлгіні зерттейді және сынайды және іріктеу жүргізілген өнім топтамасына белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы шешім қабылдайды. Техникалық регламент және (немесе) үйлестірілген стандарт болмаған жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі орган сынақ бағдарламасын анықтауы тиіс;

3) егер өнім топтамасы белгіленген талаптарға сәйкес келетін жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі орган дайындаушыға осы топтамадан алынған әр бұйымға өзінің сәйкестендіру нөмірін салу құқығын береді және өткізілген сынақтар негізінде сәйкестік сертификатын береді;

4) егер өнім топтамасы белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, сәйкестікті растау жөніндегі орган және (немесе) қызметтің белгілі бір саласында техникалық реттеу функциялары жүктелген мемлекеттік бақылау органы осы өнім топтамасының рынокта орналасуын болдырмау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдайды. Топтаманың белгіленген талаптарға сәйкессіздігі бірнеше рет анықталған жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі орган статистикалық тексеруді тоқтатады және әр бұйымды тексеруді жүзеге асыра алады.

69. Дайындаушы өнімнің сәйкестігі туралы декларацияны қабылдауы және оны сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркеуге тиіс.

70. Дайындаушы белгіленген талаптарға, түрдің тексеру сертификатында сипатталған түрге сәйкес келетін әр бұйымды сәйкестік туралы декларацияны тіркеген сәйкестікті растау жөніндегі орган келіскен жағдайда, оның сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, Сәйкестік белгісімен таңбалауды жүзеге

71. 65-тармақта және 68-тармақтың 1) тармақшасында жазылғандарды қоспағанда, дайындаушыға қойылатын талаптарды, егер бұл дайындаушының атынан іс-әрекеттерді жүзеге асыруға арналған шартта көзделген жағдайда, дайындаушының уәкілетті өкілі орындай алады.

5.11 F1 модулі (сәйкестікті растау жөніндегі органның қатысуымен дайындалған өнім топтамасының немесе жеке үлгілердің әр үлгісін статистикалық әдістерді қолданып сынауға негізделген өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігі)

72. Өнімді сынауға негізделген сәйкестік сәйкестікті бағалау (растау) процедурасының бөлігі болып табылады, сол арқылы 73, 74, 79-тармақтардың талаптарын орындайтын дайындаушы өзіне нақты өнімнің оған қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетініне тек қана өз жауапкершілігімен кепілдік береді және ресми мәлімдейді.

73. Дайындаушы техникалық құжаттаманы жасайды. Техникалық құжаттама өнімнің оған қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкестігіне бағалау (растау) мүмкіндігін беруі, тәуекелдікке жеткілікті талдау мен бағалауды қамтуға және 116-тармақта белгіленген талаптарға сәйкес болуға тиіс.

74. Дайындаушы өндірістік процесс пен осы процесті бақылау дайындалған өнімнің оған қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуі үшін қажетті барлық шараларды қабылдауы тиіс.

75. Дайындаушы өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау үшін таңдаған сәйкестікті растау жөніндегі орган дайындаушының таңдауы бойынша 78-тармақта анықталғандай, әр үлгіге не зерттеулер мен сынақтар не 79-тармақта анықталғандай статистикалық әдістерді қолданып өнімнің жеке үлгілеріне зерттеулер мен сынаулар жүргізеді.

76. Әр үлгіні зерттеу және сынау арқылы тексеру.

1) Дайындалған топтаманың әр үлгісі әр үлгінің белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру үшін зерттелуі және сыналуды тиіс. Техникалық регламент және (немесе) үйлестірілген стандарт болмаған жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі орган сынақ бағдарламасын анықтауы тиіс.

2) Сәйкестікті растау жөніндегі орган дайындаушыға әр тексерілген үлгіге өзінің сәйкестендіру нөмірін салу құқығын береді және өткізілген сынақтар негізінде сәйкестік сертификатын береді.

77. Статистикалық әдістерді қолданып жеке үлгілерді тексеру.

1) дайындаушы (жеткізуші) сәйкестікті растау жөніндегі органға өнімді тексеру үшін біртекті топтама түрінде береді және әр дайындалған топтаманың

біртектілігін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады.

2) сәйкестікті растау жөніндегі орган белгіленген талаптарға сәйкес әр топтамадан кездейсоқ іріктеу жүргізеді, осындай әр үлгінің белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру үшін әр іріктелген үлгіні зерттейді және сынайды және одан іріктеме жүргізілген өнім топтамасының белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы шешім қабылдайды. Өнімге арналған техникалық регламент және (немесе) үйлестірілген стандарт болмаған жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі орган сынақ бағдарламасын анықтауы тиіс;

3) егер өнім үлгілері белгіленген талаптарға сәйкес келсе, сәйкестікті растау жөніндегі орган дайындаушыға өзінің сәйкестендіру нөмірін осы топтамадан алынған әр бұйымға салу құқығын және өткізілген сынақтар негізінде сәйкестік с е р т и ф и к а т ы н б е р е д і ,

4) егер өнім топтамасы белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, сәйкестікті растау жөніндегі орган және (немесе) оған қызметтің белгілі бір саласында техникалық реттеу қызметі жүктелген мемлекеттік бақылау органы осы өнім топтамасының, нарыққа орналасуын болдырмау үшін шаралар қолданады. Топтаманың белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі қайтадан анықтаған жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі орган статистикалық тексеруді тоқтатады және әр бұйымды тексеруді жүзеге асырады.

78. Дайындаушы Өнімнің сәйкестігі туралы декларацияны қабылдауы және оны сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркеуі тиіс.

79. Дайындаушы белгіленген талаптарға сәйкес келетін әр бұйымды сәйкестік туралы декларацияны тіркеген сәйкестікті растау жөніндегі органның сәйкестендіру нөмірін көрсетіп Сәйкестік белгісімен таңбалауды жүзеге асырады

80. 74-тармақта және 77-тармақтың 1) тармақшасында жазылған талаптардан басқа, дайындаушыға қойылатын талаптарды, егер бұл дайындаушының атынан іс-әрекеттерді жүзеге асыруға арналған шартта көзделген жағдайда, дайындаушының уәкілетті өкілі орындай алады.

5.12. G модулі (сәйкестікті растау жөніндегі органның қатысуымен өнімнің әр бірлігін сынау)

81. Өнімді өндіру кезеңінде қолданылады.

82. Өнім бірлігін сынауға негізделген сәйкестік сәйкестікті растау процедурасы болып табылады, оның көмегімен 83, 84, 88-тармақтардың талаптарын орындайтын дайындаушы тек қана өзінің жауапкершілігімен 87-тармақта көрсетілген сәйкестік сертификаты берілген белгілі бір өнімнің оған қолданылатын белгіленген талаптарға жауап беретіндігіне кепілдік береді және

83. Дайындаушы техникалық құжаттаманы жасайды және оны дайындаушы таңдаған сәйкестікті растау жөніндегі органға береді. Техникалық құжаттама 116-тармақта белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс .

84. Дайындаушы өндірістік процесс пен осы процесті бақылау дайындалған өнімнің оған қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге қажетті барлық шараларды қабылдауы тиіс.

85. Дайындаушы таңдаған сәйкестікті растау жөніндегі орган әр үлгінің белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру үшін әр бұйымға зерттеу мен сынақ жүргізеді немесе жүргізілуін ұйымдастырады. Өнімге арналған техникалық регламент және (немесе) үйлестірілген стандарт болмаған жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі орган сынақ бағдарламасын анықтауы тиіс.

86. Егер бұйым белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі орган дайындаушыға өзінің сәйкестендіру нөмірін әр бұйымға салу құқығын және жүргізілген сынақтар негізінде сәйкестік сертификатын б е р е д і .

87. Дайындаушы Өнімнің сәйкестігі туралы декларацияны қабылдауы және оны сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркеуі тиіс.

88. Дайындаушы белгіленген талаптарға сәйкес келетін әр бұйымды сертификатын берген сәйкестікті растау жөніндегі органның сәйкестендіру нөмірін көрсетіп Сәйкестік белгісімен таңбалауды жүзеге асырады.

89. Дайындаушының 87 және 88-тармақтарда жазылған дайындаушыға қойылатын талаптарды, егер бұл дайындаушының атынан іс-әрекетті жүзеге асыруға арналған шартта көзделген жағдайда, дайындаушының уәкілетті өкілі орындай алады.

5.13 G1 модулі (өнімнің топтамасын сертификаттау)

90. G1 модулі сертификаттау рәсімін қарастырады және өнімнің біржолғы топтамасының сәйкестігін растау үшін, оның ішінде топтаманы дайындаушы ұсынбаған кезде қолданылады. Модуль дайындаушының (жеткізушінің) сәйкестік туралы декларацияны қабылдауын қарастырмайды.

91. Дайындаушы (жеткізуші) өзі таңдаған сәйкестікті растау жөніндегі органға сәйкестігін растауды жүргізуге арналған өтінімді береді. Өтінім нысаны 2-қосымшаға сәйкес келуге тиіс.

Өтініммен бірге мәлімделген өнім, топтаманың көлемі туралы ақпарат, өнімге арналған техникалық құжаттама берілуге тиіс.

92. Сәйкестікті растау жөніндегі орган өнімнің біртектілігі тұрғысынан

топтаманы қарайды, топтамадан үлгілерді іріктеуді, оларды өтінімге қатысты сәйкестендіруді жүзеге асырады және олардың белгіленген талаптарға сәйкестігіне аккредиттелген сынақ зертханасында сынауды қамтамасыз етеді.

93. Сәйкестікті растау жөніндегі орган сынақтар хаттамасын талдау жүргізеді және оң нәтиже болған кезде дайындаушыға (жеткізушіге) сәйкестік сертификатын береді.

Сертификат нысаны 7-қосымшаға сәйкес келуге тиіс.

94. Сәйкестікті растау жөніндегі орган сәйкестік сертификатын беруден бас тартқан жағдайда осындай бас тартудың егжей-тегжейлі негіздемесін ұсынады.

95. Дайындаушы (жеткізуші) топтама ішінен әрбір бұйымды оның келісімімен сәйкестік сертификатын берген сәйкестікті растау жөніндегі органның сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, Сәйкестік белгісімен таңбалай алады.

96. 95-тармақта жазылған дайындаушыға қойылатын талаптарды, егер бұл дайындаушының атынан іс-әрекетті жүзеге асыру шартында қарастырылған жағдайда, дайындаушының уәкілетті өкілі орындай алады.

5.14 Н модулі (СМЖ негізінде соңғы өнімді жобалау, өндіру, бақылау және сынаудың сапасын толық қамтамасыз ету)

97. Өнімді әзірлеу және өндіру кезеңінде қолданылады.

98. Өнімнің сапасын толық қамтамасыз етуге негізделген сәйкестік сәйкестікті бағалау (растау) процедурасы болып табылады, оның көмегімен 99, 101 және 103-тармақтардың талаптарын орындайтын дайындаушы белгілі бір өнімнің оған қолданылатын белгіленген талаптарға сай екендігіне тек қана өзінің жауапкершілігімен кепілдік береді және ресми мәлімдейді.

99. Дайындаушыда сәйкестікті растау жөніндегі орган мақұлдаған 119-тармақта белгіленген талаптарға сәйкес келетін түпкілікті өнімді жобалау, өндіру, бақылау және сынаудың СМЖ болуға тиіс және ол 127-130-тармақтарда айқындалған ережелерге сәйкес бақылануға тиіс.

100. Дайындаушы өзі таңдаған сәйкестікті растау жөніндегі органға нақты өнім үшін оның СМЖ бағалауға қатысты өтінімді береді.

Өтінімнің нысаны 2-қосымшаға сәйкес болуға тиіс.

Сондай-ақ өтініммен бірге өндіру үшін жоспарланған өнімнің әрбір санатының бір үлгісіне арналған техникалық құжаттама мен СМЖ бойынша құжаттама берілуге тиіс.

Техникалық құжаттама 116-тармақта белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

101. Дайындаушы СМЖ мақұлдаған сәйкестікті растау жөніндегі органның

өнімді жобалау, өндіру, бақылау, сынау және сақтау орындарына қол жетімділікті қамтамасыз етеді және қажетті ақпаратты, атап айтқанда:

- 1) СМЖ құжаттамасын;
- 2) талдау, есептер, сынақ нәтижесі сияқты жобалау кезеңіндегі СМЖ көзделген сапа хаттамасын;
- 3) инспекциялық бақылау туралы есептер, сынақ нәтижелері, калибрлеу, персоналдардың біліктілігі және т.б. туралы деректер сияқты өндіру кезеңіндегі СМЖ көзделген сапа хаттамасын береді.

102. Дайындаушы Өнімнің сәйкестігі туралы декларацияны қабылдауға және оны сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркеуге тиіс.

103. Дайындаушы сәйкестік туралы декларацияны тіркеген сәйкестікті растау жөніндегі органның сәйкестендіру нөмірін көрсетіп, белгіленген талаптарға сай келетін әрбір бұйымды Сәйкестік белгісімен таңбалауды жүзеге асыра алады.

104. Егер бұл дайындаушының атынан іс-әрекетті жүзеге асыру шартында көзделген болса, 100, 102, 103 және 131-тармақтарда жазылған талаптарды дайындаушының уәкілетті өкілі орындай алады.

5.14 Н1 модулі (сапаны толық қамтамасыз етуге және өнімнің техникалық техникалық жобасын тексеруге және түпкілікті өнімді жобалау, өндіру, бақылау және сынау СМЖ-сіне негізделген сәйкестік)

105. Н1 модулі өнімді әзірлеу және өндіру кезеңінде қолданылады.

106. Техникалық жобаның сапасын толық қамтамасыз ету мен тексеруге негізделген сәйкестік сәйкестікті растау рәсімі болып табылады, оның көмегімен 107, 113 және 114-тармақтардың талаптарын орындайтын дайындаушы осы өнімнің өзіне қолданылатын белгіленген талаптарға жауап беретініне тек қана өз жауапкершілігімен кепілдік береді және ресми мәлімдейді.

107. Өнім типінің техникалық жобасын тексеру:

1) дайындаушы өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі органға техникалық жобаны тексеруге арналған өтінімді береді, өтінім нысаны 2-қосымшаға сәйкес келуге тиіс. Өтініммен бірге 116-тармақта белгіленген талаптарға сәйкес техникалық құжаттама берілуге тиіс;

2) техникалық құжаттама бұйымның конструкциясын, өндіруді және жұмыс істеуін түсінуге, конструкцияның белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалауға (растауға), өнімнің өзіне қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкестігін растауға мүмкіндік беруге тиіс, сондай-ақ тәуекелдікті жеткілікті талдау мен бағалауды қамтуға тиіс. Техникалық құжаттамада сондай-ақ техникалық жобаның жеткілікті екендігіне дәлел болуға тиіс. Бұл дәлелдерде, егер үйлестірілген стандарттар толық қолданылмаған болса, дайындаушының

құзыретті зертханасы немесе оның тапсырмасымен және оның жауаптылығымен басқа құзыретті зертхана жүргізген сынақ нәтижелері болуға тиіс;

3) сәйкестікті растау жөніндегі орган берілген техникалық құжаттамаға сараптама жүргізеді және өнім типінің техникалық жобасының белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды жасайды, оң қорытынды болған жағдайда өтінім берушіге типтің белгіленген талаптарға сәйкестік сертификатын б е р е д і ;

4) егер өнім типінің тексерілген техникалық жобасы белгіленген талаптарға жауап бермесе, сәйкестікті растау жөніндегі орган типтің сәйкестік сертификатын беруден бас тартады және бұл туралы дайындаушыға үш күн ішінде бұндай бас тартудың егжей-тегжейлі негіздемесін беріп хабарлайды;

5) сәйкестікті растау жөніндегі органда бұрын тексерілген өнім типінің техникалық жобасының белгіленген талаптарға сай келмеуін тудыруы мүмкін техникалық регламент талаптарының кез келген өзгерістері туралы ақпарат болуға тиіс. Мұндай ақпарат бар болған жағдайда, сәйкестікті растау жөніндегі орган қосымша тексеру жүргізу қажеттігі туралы шешім қабылдауға және үш жұмыс күні ішінде бұл туралы дайындаушыға хабарлауға тиіс. Техникалық регламенттің 8-бөлігіне сәйкес тексеру жүргізу тәртібі;

б) дайындаушы типтің сәйкестік сертификатын берген сәйкестікті растау жөніндегі органға мақұлданған құрастырылымның қандай да бір түр өзгерісі туралы хабарлауға міндетті. Егер мақұлданған түр өзгеріс конструкциясының белгіленген талаптарға немесе бұйымды пайдалану шарттарына сәйкестігіне әсерін тигізетін болса, типтің сәйкестік сертификатының түпнұсқасына қоса берілетін сәйкестікті растау жөніндегі органның қосымша мақұлдауы алынуға т и і с .

108. Дайындаушы сәйкестікті растау жөніндегі органның 127-130-тармақтарда айқындалған ережелерге сәйкес бақылауға жататын 118-тармақта айқындалған түпкілікті өнімді жобалау, өндіру, бақылау және сынаудың СМЖ б о л у ғ а т и і с .

109. Дайындаушы мақұлданған СМЖ туындайтын міндеттемелерді орындауға және оны нәтижелі жай-күйде ұстауға тиіс.

110. Дайындаушы СМЖ мақұлдаған сәйкестікті растау жөніндегі органды өзгеріс енгізу туралы кез келген ниеті туралы хабарлауға міндетті.

111. СМЖ мақұлдаған сәйкестікті растау жөніндегі орган ұсынылған өзгерістерге бағалау жүргізеді және не 118-тармақта жазылған талаптарға СМЖ одан әрі сәйкестігі не оған қайта бағалау жүргізу туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ дайындаушыға қорытындысы мен негіздемесі бар өзінің шешімін х а б а р л а й д ы .

112. Дайындаушы сәйкестікті растау жөніндегі органның өнімді жобалау,

өндіру, бақылау, сынау және сақтау орындарына қол жетімділігін қамтамасыз етеді және қажетті ақпаратты, атап айтқанда:

- 1) СМЖ құжаттамасын;
- 2) талдаулар, есептеу, сынақтардың нәтижелері және т.б. сияқты жобалау сатысындағы СМЖ көзделген сапа хаттамасын;
- 3) инспекциялық бақылау туралы есептер, сынақ нәтижелері, калибрлеу, персоналдың біліктілігі туралы деректер сияқты өндіру кезеңіндегі СМЖ көзделген сапа хаттамасын береді.

113. Дайындаушы Өнімнің сәйкестігі туралы декларацияны қабылдауға және оны сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркеуге тиіс.

114. Дайындаушы сәйкестік туралы декларацияны тіркеген сәйкестікті растау жөніндегі органның сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, белгіленген талаптарға сай келетін әрбір бұйымды Сәйкестік белгісімен таңбалауды жүзеге асыра алады.

115. Дайындаушының уәкілетті өкілі 107-тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес өтінімді бере алады және 110, 113, 114 және 131-тармақтарда жазылған міндеттемелерді орындай алады.

6. Техникалық құжаттамаға қойылатын талаптар (А, В, D1, E1, F1, H, H1 модульдері)

116. Техникалық құжаттама тәуекелдіктің барлық түрін қамтуға және өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалауға (растауға) мүмкіндік беруге тиіс. Техникалық құжаттама өнімге қойылатын талаптарды белгілеуге және өнімнің құрастырылымын, өндіруді және қолдану шарттарын қамтуға тиіс.

- Техникалық құжаттама мыналарды:
- 1) бұйымның жалпы сипаттамасын;
 - 2) жобаның нобайын, жұмыс сызбаларын, элементтер сұлбасы мен жинақтау түйіндерін, электрлік принципіалды сұлбаларды және өнімнің құрастырылымына жататын басқа құжаттарды;
 - 3) бұйымның сызбаларын, схемаларын және жұмыс істеуін түсіну үшін қажетті сипаттамалар мен түсініктерді;
 - 4) өнімге арналған техникалық регламент бар болған кезде толықтай немесе ішінара қолданылған үйлестірілген стандарттар тізбесі ішінен стандарттар тізімін қамтуға тиіс.

Үйлестірілген стандарттар ішінара қолданылған жағдайда техникалық құжаттамада стандарттардың қолданылған бөлігі көрсетілуге тиіс. Техникалық регламенті болмаған жағдайда өнімге қойылатын талаптарды қамтитын өзге де нормативтік құжаттар мен оны сынау әдістері көрсетілуге тиіс.

- 5) егер өнімге арналған техникалық регламент жоқ болса, белгіленген талаптарды орындау үшін қабылданған шешімдер сипаттамасын;
- 6) жобалық есептеулердің, зерттеулердің нәтижесін;
- 7) сынақ хаттамасын;
- 8) СМЖ арналған құжаттаманы қамтиды.

117. Дайындаушы соңғы өнімді жасағаннан кейін 5 жыл ішінде техникалық құжаттаманы сақтауға және мемлекеттік бақылау органдарының талап етуімен оны тексеру үшін ұсынуға тиіс.

7. Сапа менеджменті жүйесіндегі және оны мақұлдау талаптары (D, D1, E, E1, H, H1 модульдері)

118. СМЖ өнімнің типінің сәйкестік сертификатында сипатталған типке және (немесе) белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталуға тиіс.

Сапасын қамтамасыз ету бойынша талаптар мен іс-шаралар ҚР СТ ИСО 9001 сәйкес СМЖ құрайтын процедураларды сипаттауда және нұсқаулықтарда белгіленеді.

119. Сапа жүйесінің құжаттамасы сапаны қамтамасыз ету бағдарламасын, жоспарларды, нұсқаулықтарды, сапа мәселесі бойынша хаттамаларды бір мәнді талқылау мүмкіндігін беруге және мыналарға қатысты ақпаратты:

1) сапаның жүйесінің мақсаттары мен оның ұйымдастырушылық құрылымын, өнімнің сапасына қатысты басшылықтың жауапкершілігі мен өкілеттігін;

2) өндірісті, сапаны басқаруды және оны қамтамасыз ету әдістерін, процесстерді және өндірісте қолданылатын жүйелі іс-қимылды;

3) өнімді жасаудың барлық кезеңінде (оның ішінде оны жасауға дейін және кейін) жүргізілуге тиіс болатын, сондай-ақ олардың кезеңділігіне қатысты зерттеулер мен сынақтарды;

4) инспекциялық бақылау туралы есептерді және сынақ нәтижелерін, деректерді, персоналдың біліктілігін тексеру туралы деректерді;

5) өнімнің белгіленген сапасына және СМЖ нәтижелі жұмыс істеуіне қол жеткізуді тұрақты бақылау құралдарын қамтуға тиіс.

120. Дайындаушы өзінің таңдауы бойынша сәйкестікті растау жөніндегі органға нақты өнімге арналған СМЖ бағалауға қатысты өтінім береді. Өтінімнің нысаны 2-қосымшаға сәйкес келуге тиіс.

121. Өтініммен бірге мыналар берілуге тиіс:

1) мәлімделген өнім туралы ақпарат;

2) СМЖ құжаттамасы;

3) 116-тармақта көрсетілген техникалық құжаттама.

122. СМЖ сәйкестікті растау жөніндегі орган СМЖ 118-тармақта жазылған

талаптарға сәйкестігін анықтау үшін оған бағалау жүргізеді.

123. Егер СМЖ ИСО 9001 халықаралық стандартына немесе ҚР СТ ИСО 9001 бойынша сертификатталған болса, ол осы талаптарға сәйкес келеді деп с а н а л а д ы .

124. СМЖ бағалау процедурасы дайындаушының өнімге қойылатын белгіленген талаптарды сәйкестендіру және өнімнің осы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті әрекетті жүзеге асыру қабілетін тексеру мақсатында СМЖ аудиті бойынша комиссияның дайындаушы-кәсіпорынға келуін көздейді, жергілікті жерде 116-тармақта келтірілген техникалық құжаттаманы тексеруге тиіс.

Бағалау нәтижесі бойынша қорытынды мен СМЖ мақұлдау немесе бас тарту туралы негізді шешім дайындаушыға хабарланады.

125. Сәйкестікті растау жөніндегі орган құрған СМЖ аудиті бойынша комиссияның құрамында кем дегенде сәйкес өнімнің өндіріс технологиясын бағалау тәжірибесі бар және өнімнің осы түріне арналған белгіленген талаптарды білетін бір сарапшы-аудиторы болуға тиіс.

126. Дайындаушы мақұлданған СМЖ туындайтын міндеттемелерді орындауға және оны нәтижелі күйінде ұстауға тиіс.

127. Дайындаушы СМЖ мақұлдаған сәйкестікті растау жөніндегі органға оған енгізілетін кез келген өзгерістер туралы ақпарат береді.

128. Сәйкестікті растау жөніндегі орган ұсынылған өзгерістерді бағалауды жүргізеді және не 118-тармақта жазылған талаптарға СМЖ одан әрі сәйкестігі туралы немесе оған қайта бағалау жүргізу туралы шешім қабылдайды жүргізеді, сондай-ақ дайындаушыға қорытындысы мен негіздемесі бар өзінің шешімін х а б а р л а й д ы .

129. Сәйкестікті растау жөніндегі орган дайындаушының СМЖ тиісті түрде ұстауына инспекциялық бақылауды кезеңмен жүргізіп отырады және дайындаушыға тексеру туралы есептерді береді.

Сәйкестікті растау жөніндегі орган кезеңдік тексеруден басқа, қажет болған жағдайда дайындаушыны ескертпей СМЖ жұмыс істеуінің дұрыстығын тексеру үшін дайындаушыдан өнімді сынауды талап етеді немесе жүргізеді.

Тексеру туралы есеп және сынақ хаттамасы дайындаушыға беріледі.

130. Дайындаушы СМЖ сәйкестігін растау жөніндегі органның өнімді өндіру , бақылау, сынау және сақтау орындарына қол жетімділігін қамтамасыз етеді және қажетті ақпаратты, атап айтқанда:

1) С М Ж құ ж а т т а м а с ы н ;

2) инспекциялық бақылау туралы есепті және сынақ нәтижелерін;

3) персоналдың біліктілігін тексеру туралы деректерді береді.

131. Дайындаушы өнімнің соңғы үлгісін жасағаннан кейін 5 жыл ішінде

м ы н а л а р д ы :

1) талаптары 118-тармақта белгіленген СМЖ құжаттамасын;
2) 128-тармақта айқындалған СМЖ мақұлданған өзгерістерді енгізу туралы
қ ұ ж а т т а м а н ы ;

3) 129-тармақта айқындалған СМЖ сәйкестігін растау жөніндегі органның шешімдері мен есептерін сақтайды және оларды сұрауы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен береді.

132. Әрбір СМЖ сәйкестікті растау жөніндегі орган мыналарды беруге тиіс:

1) сәйкестікті растау жөніндегі басқа органдарға олардың сұрауы бойынша СМЖ мақұлдау туралы шешімді беруден бас тарту туралы; осы орган қайтарып алған, жойған немесе олардың күшін басқалай тәсілмен шектеген шешімдер туралы; СМЖ мақұлдау туралы ақпаратты береді;

2) осы сәйкестікті растау жөніндегі органды аккредиттеген органды СМЖ мақұлдау туралы берілген және жойылған барлық шешімдер туралы, сондай-ақ сұрауы бойынша күші тоқтатылған немесе шектелген шешімдер туралы кезеңмен хабарлап тұруға тиіс.

8. Сәйкестікті растау тәртібі 8.1 Жалпы ережелер

133. Сәйкестікті растау процедураларын осындай сынақтарды өткізу құқығына аккредиттелген немесе жасалған халықаралық келісімдерге сәйкес өзара танылған сынақ зертханалары (орталықтары) және сәйкестікті растау жөніндегі органдар ғана жүргізеді.

134. Сәйкестікті растау бойынша жұмыстарды жүргізуге байланысты шығындарды оның нәтижесіне қарамай, шарт негізінде өтінім беруші төлейді.

135. Сәйкестікті растауға:

1) сәйкестікті растауға арналған өтінімді беру және қарау;
2) өтінім бойынша шешімдер қабылдау, оның ішінде модульдерді таңдау;
3) сәйкестікті растау бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған шарт жасау;
4) үлгілерді сәйкестендіру, іріктеу және оларды сынау (егер бұл модульде көзделсе);

5) өндірісті бағалау (егер бұл модульде көзделсе);
6) алынған нәтижелерді талдау және Сертификатты беру (беруден бас тарту туралы) немесе Сәйкестік туралы декларацияны тіркеу туралы (тіркеуден бас тарту туралы) шешім қабылдау;

7) Сертификатты немесе Сәйкестік туралы декларацияны мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің тізілімінде тіркеу;

8) Сертификатты беру немесе Сәйкестік туралы декларацияны тіркеу;
9) сәйкестікті растаудан өткен өнімді инспекциялық бақылауды жүзеге асыру

(егер бұл таңдалған модульде көзделген болса);

10) сәйкестікті растау нәтижелері туралы ақпарат беру кіреді.

136. Өтінім беруші Регламенттің 2-қосымшасына сәйкес сәйкестікті растау жөніндегі органға өнімнің сәйкестігін растауды жүргізуге өтінім жібереді.

Өтінімге өнімді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін нормативтік құжаттар, сонымен қатар қажет болған жағдайда басқа құжаттар (сапа сертификаты, шығу тегі туралы сертификат, шарттар, келісім-шарттар, кедендік декларациялар, ветеринарлық куәлік, санитарлық-гигиеналық қорытынды, гигиеналық қорытынды) қоса беріледі.

137. Сәйкестікті растау жөніндегі орган өтінімді қарайды және оны алғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей өтінім берушіге өзінің шешімі туралы хабарлайды. Жеке тұлғалар мен шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін өтінімді қарау мерзімі бір күннен аспауға тиіс.

Сәйкестікті растау рәсімдерін жүргізуге арналған өтінім бойынша шешім Регламенттің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша рәсімделеді және сәйкестікті растауды жүргізудің барлық негізгі шарттарын қамтиды, оның ішінде ұсынылатын модуль, қажетті нормативтік құжаттардың тізбесі, тексерілетін көрсеткіштердің тізбесі, сынақ зертханасының (орталығының) атауы (бұдан әрі зертхана), сондай-ақ инспекциялық бақылау шарттары көрсетіледі.

138. Егер өтінім беруші сәйкестікті растау процедурасының шарттарымен келіскен жағдайда, он күндік мерзім ішінде осы жұмыстарды жүргізуге және оларды жүргізу мерзіміне шарт жасалады.

139. Егер таңдалған модульде (A1, A2, B, C, C1, C2, D, D1, F, F1, G, G1) өнімді сынауды жүргізу көзделсе:

1) сынақтар құрастырылымы, құрамы мен дайындау технологиясы тұтынушыға (тапсырыс берушіге) жеткізілетін өнімдікі сияқты үлгілерде жүргізіледі;

2) үлгілердің саны, оларды іріктеу тәртібі, сәйкестендіру және сақтау тәртібі өнімге белгіленген талаптар мен сынау әдістемесіне сәйкес белгіленеді;

3) өтінім беруші (дайындаушы) құрамы мен мазмұнын техникалық регламентте, ол болмаған кезде осы өнімге арналған нормативтік құжаттарда белгіленетін үлгіге (үлгілерге) арналған техникалық құжаттамада көрсетеді;

4) сынау үшін үлгілерді іріктеуді дайындаушының аккредиттелген зертханасы (A1 және A2 модулі) немесе сәйкестікті растау жөніндегі орган немесе оның тапсырмасымен аккредиттелген зертхана немесе өтінім беруші тағайындаған сарапшы аудиторлардан тұратын комиссия жүзеге асырады және 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша актімен рәсімделеді;

5) іріктелген сынамалар өтінім берушінің қатысуымен буып-түйіледі, пломбланады (егер мүмкін болса) және өнімнің үлгілерін іріктеу актісін және

тізбесін сәйкестікті растау органы белгілейтін, оның техникалық құжаттамасын қоса беріп аккредиттелген зертханаға жіберіледі;

6) өнімнің үлгілерін сақтаудың нақты мерзімі осы өнімге арналған нормативтік құжаттарда белгіленеді. Өнімнің үлгілерін сақтау мерзімі нормативтік құжаттамада көзделмеген жағдайда, өнімнің бақылау үлгілерін сақтау өнімнің жарамдылық мерзімі немесе сәйкестік туралы сертификаттың және (немесе) декларацияның қолданылу мерзімі ішінде жүзеге асырылады. Сақтау үшін жағдайы болған кезде және осы ереже сәйкестікті растау жөніндегі орган мен өтінім беруші арасында жұмыстарды жүргізуге арналған шартқа енген кезде бақылау үлгілері өтінім беруші сақталуы мүмкін;

7) мәлімделген өнімді сынау осы өнімге арналған нормативтік құжаттарда көзделген әдістер бойынша және мерзімде жүргізіледі. Егер сынақ мерзімі нормативтік құжаттамада көзделмеген жағдайда, бұл мерзім 30 күнтізбелік күннен аспауға тиіс;

8) сынақ хаттамасы дайындаушыға немесе өтінім берушіге (A1, A2 модулі) және сәйкестікті растау жөніндегі органға ұсынылады. Сынақ хаттамаларының көшірмелері сәйкестік туралы сертификаттың немесе декларацияның қолданылу мерзімінен кем емес мерзімде сақталуға тиіс. Хаттамалардың көшірмелерін нақты сақтау мерзімі (оның ішінде өнім белгіленген талаптарға сай келмегендіктен, өтінім берушіге сертификат берілуі мүмкін емес немесе сәйкестік туралы декларация тіркелмеген жағдайларда) осы өнімге арналған нормативтік құжаттарда және зертхананың құжаттарында белгіленеді;

9) егер нормативтік құжаттарда қаражаттың, уақыттың үлкен шығынына байланысты және сынақты жүргізу күрделі болып табылатын тасымалдануы қиын бұйымдар үшін сынақтар белгіленген болса, ал үлгілерді іріктеу қымбатқа түсетін болса, сынақтарды сәйкестікті растау жөніндегі орган аккредиттеу саласында айқындалған сынақтарды жүргізу әдістемесіне сәйкес аккредиттелген сынақ зертханасының және сәйкестікті растау жөніндегі органының өкілдерінің қатысуымен өндіру процесінде жүргізілетін сынақтарға сәйкес біріктіру туралы шешім қабылдай алады;

10) тым болмаса бір көрсеткіш (сипаттама) бойынша сынақтың теріс нәтижесі алынған кезде өнімнің сәйкестігін растау мақсатында өтінім берушімен келісу бойынша сынақ жүргізуді жалғастыру жағдайларын қоспағанда сынақ тоқтатылады;

11) сынақтың оң нәтижесі болған кезде сәйкестікті растау жөніндегі орган үш жұмыс күні ішінде 5-қосымшаның нысаны бойынша сертификатты беру немесе сәйкестік туралы декларацияны тіркеу туралы шешім қабылдайды, ал сынақтан теріс нәтиже алынған кезде сәйкестікті растау жөніндегі орган өтінім берушіге және техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органға сынақ хаттамасымен

регламентке 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификат беруден бас тарту немесе сәйкестік туралы декларацияны тіркеу туралы шешімді қабылдайды.

140. Өтінім беруші сәйкестікті растау жөніндегі органға өнімнің сәйкестігін растау үшін модульге сәйкес өтінімде көрсетілген құжаттарды, оның ішінде:

1) егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген болса, өзінің құзыреті шегінде уәкілетті мемлекеттік орган берген өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы құжаттарды;

2) өнімді әзірлеу және өндіріске қою кезінде жүргізілген олардың іс-қимыл мерзімін есепке ала отырып сынақ хаттамасын немесе техникалық реттеу жүйесінде аккредиттелген зертханалар орындаған сынақтар туралы құжаттарды береді.

141. Ұсынылған құжаттарды, оның ішінде: олардың ішіндегі нәтижелердің Қазақстан Республикасының заңнамасына және нормативтік құжаттарға сәйкестігін, оларды беру мерзімін, құрастырылымға (құрамына) материалдарға, технологияларға енгізілген өзгерістерді тексергеннен кейін сәйкестікті растау жөніндегі орган Сертификатты беру және (немесе) Сәйкестік туралы декларацияны тіркеу туралы немесе сынақ көлемінің қысқартылғаны немесе тиісті құжаттарда көрініс табатын жетіспейтін сынақтарды жүргізу туралы шешім қабылдайды. Ұсынылған құжаттарда бұзушылық анықталған жағдайда өтінім беруші осы бұзушылықтарды жоя алады және сәйкестікті растау жөніндегі органға тек анықталған бұзушылық бөлігінде ғана қайта қарауға ұсына алады.

142. Егер модуль (А, А1, А2, С, С1, С2) өнімнің өндірісін ішкі бақылау көзделген болса, онда:

1) олардың жай-күйін нормативтік және техникалық құжаттармен қамтамасыз етілуі;

2) технологиялық процестің сақталуы және оның метрологиялық қамтамасыз ету жай-күйі;

3) кірістік, қабылдау бақылау жүйесінің және кезеңдік сынақтардың болуы;

4) техникалық қызмет көрсету жүйесінің және сынақ жабдықтарын және құралдарды жөндеудің болуы;

5) шикізатпен және материалдармен қамтамасыз етілуі;

6) сертификатталатын өнім сапасының тұрақтылығы;

7) сақтау шартының болуы;

8) наразылықты есепке алудың және талдаудың болуы тексеріледі.

Бақылаудың ұзақтығы өнімнің күрделілігіне байланысты болады, бірақ 10 жұмыс күнінен аспауға тиіс. Бақылау нәтижелері тиісті қорытындылары бар актімен рәсімделуге тиіс.

Тексеруден теріс нәтиже алынған жағдайда таңдалған модуль бойынша

ұсынылған өнімнің сәйкестігін растау жұмыстары тоқтатылады.

Анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін немесе басқа модуль таңдалғаннан кейін өтініш беруші өнімнің сәйкестігін растауға арналған жаңа өтінімді береді.

143. Сәйкестікті растау жөніндегі орган таңдалған модульде белгіленген рәсімдерді талдау негізінде өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалауды жүзеге асырады.

Осы бағалау нәтижелері сарапшы-аудитордың қорытындысында көрініс табады. Осы қорытынды негізінде сәйкестікті растау жөніндегі орган:

1) Сертификатты беру немесе Сәйкестік туралы декларацияны беру туралы немесе өнімнің сәйкестігін бағалаудың теріс нәтижелері кезінде себептерін көрсеткіш Сертификатты беруден немесе Сәйкестік туралы декларацияны тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды;

2) оң шешім болған кезде үш жұмыс күні ішінде Сертификат рәсімделеді, Сертификатты немесе Сәйкестік туралы декларацияны берген Сертификаттар тізілімінде немесе тіркелген Сәйкестік туралы декларациялар тізілімінде тіркеледі.

Сәйкестік туралы сертификат, Сәйкестік туралы декларация тек тіркеу нөмірі бар болған кезде ғана жарамды.

144. Өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін пайдаланылған модульдер туралы мәліметтер (құжаттар) Сертификатта немесе өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы декларацияда көрсетіледі.

145. Егер құрамын:

1) бір дайындаушы шығарған және бірдей талаптар бойынша сертификатталған біртекті өнімнің тобын;

2) Сәйкестік сертификатында немесе Декларацияда көрсетілген бұйымға (жиынтыққа, жинаққа) техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін қолданылған құрама бөлшектердің және (немесе) қосалқы бөлшектердің белгіленген жиынтығының бұйымын (жиынтық, жинақ) егжей-тегжейлі жазу талап етілсе, онда Сәйкестік сертификатының немесе Декларацияның оның (олардың) күші таралатын нақты өнімнің тізбесін қамтитын қосымшасы болуы мүмкін.

146. Сәйкестікті растау жөніндегі әрбір орган сәйкестікті растау жөніндегі басқа органға олардың сұрауы бойынша:

1) берілген сәйкестік сертификаты және олардың қосымшасы;

2) сертификатты беруден бас тарту;

3) осы орган қайтарып алған, жойған немесе басқалай тәсілмен олардың күшін шектеген типінің сәйкестік сертификаты және сертификаттың қосымшалары туралы ақпаратты береді.

147. Сәйкестікті растау жөніндегі әрбір орган аккредиттеу жөніндегі уәкілетті органды барлық берілген, қайтарып алынған, жойылған немесе олар күшін шектеген барлық типінің сәйкестігі сертификаттары мен сертификатқа қосымшалар туралы ай сайын хабарлауға тиіс.

8.2 Қызметтердің сәйкестігін растау тәртібі

148. Қызметтерді растау тәртібі А, А2 және Е1 модульдерін қолданып өтінім берушінің қалауымен жүзеге асырылады.

149. Қызмет көрсеткен субъекті қызметтердің белгіленген талаптарға Сәйкестігі туралы декларацияны құруға, оны сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркеуге және жарамдылық мерзімі ішінде сақтауға және тексеру үшін оның көшірмесін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік бақылау органдарының талап етуімен беруге тиіс. Сәйкестік туралы декларация ол құрылған қызметтерді сәйкестендіруге тиіс.

8.3. Сәйкестік сертификаты

150. Сәйкестік сертификатының нысаны мен мазмұны 7-қосымшаға сәйкес келуге тиіс, сәйкестік сертификатының қосымшасы осы техникалық регламенттің 8-қосымшасына сәйкес келуге тиіс. Егер өнім сәйкестігін міндетті растауға жатпайтын болса немесе өнімнің сәйкестігін растау өтінім берушінің қалауымен оның қауіпсіздігіне жатпайтын көрсеткіштер бойынша жүргізілетін болса, 9-қосымшаның нысаны бойынша сертификат беріледі.

Сертификаттың қолданыс мерзімін сәйкестікті растау үшін таңдалған модульдерді, өнімнің ерекшелігін, оның өндірісін, өнімге арналған техникалық регламенттің және (немесе) нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отыра сәйкестікті растау жөніндегі орган белгілейді, бірақ ол үш жылдан немесе өнімнің жарамдылық мерзімінен аспауға тиіс.

151. Сериялық шығарылатын (сериялық шығарылым) өнімге арналған сертификаттың қолданыс мерзімі ішінде дайындаушы өткізетін өнімдер үшін сертификат, егер жарамдылық мерзімі сертификаттың қолданыс мерзімінен кем болса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген өнімнің жарамдылық (қызмет ету) мерзімі ішінде өнімді жеткізу, сату кезінде жарамды болады.

152. Өнімнің жарамдылық мерзімі шегінде Сертификаттың әрекет ету мерзімі ұзартылуы мүмкін.

Бұл ретте Сертификаттың қолданыс мерзімі Сертификат берілген күннен бастап үш жылдан аспауға тиіс. Сертификаттың қолданыс мерзімін ұзарту мына тәсілдердің бірімен өтінім берушінің қалауымен орындалуы мүмкін:

1) Сертификаттың «___дейін жарамды» деген бағанының сол жағынан «Әрекет ету мерзімі___дейін ұзартылды» деген жазу қосылады, ол бірінші басшының немесе оның уәкілетті адамының қолымен және Органның мөрімен б е к і т і л е д і ;

2) ұзартылатын Сертификаттың тіркеу нөмірін сақтап және Сертификат ұзартылатын өнімнің атауізімі мен санын көрсетіп жаңа Сертификат рәсімделеді .

153. Егер сериялық өндірістің өнімдеріне арналған Сертификаттың қолданыс мерзімі біткен болса, ол оның қолданыс кезеңінде шығарылған өнім өткізу сатысында болса, онда Сертификаттың әрекет етуі өнімді сақтау шарттарын сақтау бар болған кезде өнімді сақтау немесе барлық жарамдылық мерзіміне ұзартылуы мүмкін, бірақ ол үш жылдан аспауға тиіс.

154. Сәйкестігін растау кезінде куәландырылатын, көрсеткіштеріне әсерін тигізуі мүмкін өнімнің құрастырылымына (құрамына) немесе оны өндіру технологиясына өзгерістер енгізген кезде Сертификатты ұстаушы бұл туралы осы өнімнің өндірісінің жай-күйін бағалауды немесе толық немесе ішінара сынауды жүргізгенге дейін Сертификаттың күшін жою немесе тоқтату туралы шешім қабылдайтын Сертификатты берген сәйкестікті растау жөніндегі органға д е р е у х а б а р л а й д ы .

Сертификатты ұстаушының сәйкестікті растау жөніндегі орган қабылданған шешім туралы хабарламағанға дейін өзгерістер енгізілген өнімді өткізуге құқығы ж о қ .

155. Егер сәйкестігін растаудан өткен өнімнің қауіпсіздік көрсеткіштері техникалық регламентте, ал ол болмаса өнімге арналған нормативтік құжатта одан қатаңға өзгерген болса, онда Сертификаттың күші тиісінше техникалық регламентке немесе нормативтік құжатқа өзгерістер енген күннен бастап т о қ т а т ы л а д ы .

156. Сәйкестігін растаудан өткен өнімге қоса берілетін ілеспе техникалық құжаттамада (техникалық паспорт және т.б.); сондай-ақ тауардың ілеспе құжаттамасында өткізілген сәйкестігін растау рәсімдері туралы жазбаны түсіруге рұқсат етіледі және Сертификаттың нөмірі мен берілген күні жазылады.

157. Сәйкестік сертификатының көшірмесі белгіленген үлгідегі бланкілерде орындалады, бірінші басшының немесе оның уәкілетті тұлғаның қолымен және сәйкестікті растау жөніндегі органның мөрімен бекітіледі.

Сәйкестікті растау жөніндегі орган қосымшалары бар сертификаттың көшірмесін, берілген көшірмелердің саны туралы ақпаратты, сондай-ақ сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде бір жылдан соң дайындаушы ұсынған барлық құжаттаманы қоса алғанда, техникалық файлды с а қ т а у ғ а т и і с .

158. Өтінім беруші Сертификаттың түпнұсқасын жоғалтқан (бүлдірген) кезде Сәйкестік сертификатының түпнұсқасын осы Сертификатты берген сәйкестікті растау жөніндегі орган үш жұмыс күні ішінде береді. Бұл жағдайда өтінім беруші жоғалту (бүлдіру) жағдайын көрсетіп ерікті нысандағы өтінімді жібереді.

Сертификаттың телнұсқасы түпнұсқа мен телнұсқаның берілген күнін көрсетіп сол түпнұсқасы тіркелген нөмірмен тіркеледі, сонымен қатар бланкінің жоғарғы оң жақтағы бұрышына «Телнұсқа» деген мөртабан қойылады.

Сертификаттың телнұсқасы ұзартылмайды.

159. Егер бұл сәйкестікті растау модулінде көзделген болса, дайындаушы (сатушы) өнімді сәйкестік белгісімен таңбалай алады.

160. Дайындаушы В модулін (типтің сәйкестігін растау) қолданған кезде сәйкестік сертификатын 10 жыл ішінде, ал қалған жағдайда бұйымды соңғы жасағаннан кейін 5 жыл ішінде сақтайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік бақылау органдарының талабы бойынша оның көшірмесін тексеру үшін береді.

8.4 Сәйкестік туралы декларация

161. Сәйкестік туралы декларация ол құрылған өнімді сәйкестендіруге тиіс.

Сәйкестік туралы декларацияның нысаны мен мазмұны осы техникалық регламенттің 10-қосымшасына сәйкес келуге тиіс. Сәйкестік туралы декларациясының қосымшасы осы техникалық регламенттің 8-қосымшасына с ә й к е с к е л у г е т и і с .

Егер оны қабылдау өнімнің сәйкестігін растау мақсаттары үшін қолданылатын модульде көзделген болса, Сәйкестік туралы декларацияны өнімді беруші қабылдайды және рәсімдейді.

162. Сәйкестік туралы декларация нақты өнімге немесе растауға жататын бірыңғай талаптар белгіленген бірыңғай өнімдер тобына қатысты қабылдануы м ү м к і н .

163. Белгіленген талаптарға сәйкестігін растаудан өткен Өнімнің сәйкестігі туралы декларация өнімнің типінің немесе СМЖ сәйкестігі сертификатының қолданылу мерзіміне қабылданады, бірақ ол өнімнің жарамдылық мерзімінен а с п а у ғ а т и і с .

Өнімнің жарамдылық мерзімі шегінде Декларацияны тіркеу мерзімі сертификаттың жарамдылық мерзіміне ұзартылуы мүмкін. Егер D, D1, E, E1, H, H1 модульдері қолданылса, белгіленген талаптарға сәйкестігін растаудан өткен Өнімнің сәйкестігі туралы декларация СМЖ арналған сәйкестік сертификатының қолданылу мерзіміне қабылданады, бірақ ол үш жылдан аспауға тиіс.

A1 және A2 модулі қолданылған жағдайда Сәйкестік туралы декларация осы

өнімді шығарудың жоспарланған мерзіміне немесе өнімнің топтамасын өткізу мерзіміне сүйене отырып қабылданады, бірақ ол бір жылдан аспауға тиіс. Декларацияның әрекет ету мерзімі аяқталған соң өтінім беруші осы Регламентте белгіленген тәртіппен жаңа декларацияны қабылдай алады.

164. Сәйкестігін растау кезінде куәландырылатын көрсеткіштерге әсерін тигізуі мүмкін өнімнің құрастырылымына (құрамына) немесе өндіру технологиясына өзгерістер енгізген кезде тіркелген Сәйкестік туралы декларацияны ұстаушы (С, С1, С2, D, E және F модульдері) бұл туралы осы өнімнің өндірісінің жай-күйін бағалауды немесе толық немесе ішінара сынауды жүргізуге дейін Декларацияны тіркеуді жою немесе тоқтату туралы шешім қабылдайтын Декларацияны тіркеген сәйкестікті растау жөніндегі органға дереу х а б а р л а й д ы .

Декларацияны ұстаушының сәйкестікті растау жөніндегі орган қабылданған шешім туралы хабарламайынша өзгерістер енгізілген өнімді өткізуге құқығы жоқ .

165. Декларация белгіленген нысандағы бланкілерде толтырылады және оған өтінім беруші қол қояды және мөрімен бекітеді

166. А, А1, А2, С, С1, Д, Д1, Е, Е1, Н модульдері қолданылған жағдайда тіркеуге жіберілетін декларацияға:

1) ерікті нысандағы тіркеу туралы өтініш;
2) өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін мен өндірістің тұрақтылығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

3) өтінім берушінің сынақ зертханасының техникалық құзыреттілігін растайтын құжаттардың көшірмелері (аккредиттеу аттестаты немесе оған балама басқа құжаттар) немесе өнімді жасаудың технологиялық процесінде және осы өнімге арналған стандарттау бойынша нормативтік құжаттарда көзделген сынақтарды жүргізуге арналған аккредиттелген зертханалармен жасалған шарттың көшірмелері қоса беріледі.

167. Өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы декларацияны тіркеу үшін негіз болатын құжаттар ретінде:

1) өтінім беруші және/немесе аккредиттелген басқа сынақ зертханалары жүргізген қабылдау, қабылдау-тапсыру және өнімді бақылаудың басқа сынақтарының х а т т а м а л а р ы ;

2) өнімге арналған қолданыстағы сертификаттар немесе шикізатқа, материалға, жиынтықтаушы бұйымдарға арналған сынақ хаттамалары;

3) өнімнің Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкестігін растайтын өнімді мемлекеттік бақылау актілері;

4) өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар (шикізатты жеткізудің, өндірістік процестің, жинаудың, дайын өнімнің, буып-түюдің,

таңбалаудың), сапа менеджменті жүйесінің және кәсіпорынның өндірісінің с е р т и ф и к а т т а р ы ;

5) өндірістің тұрақтылығын ішкі бақылау актілері пайдаланылуы мүмкін.

168. Тіркеу декларацияға ішінде сәйкестікті растау жөніндегі органның сәйкестендіру белгілеуі (коды) және декларацияны тізілімге енгізудің реттік нөмірі бар тіркеу нөмірін беру жолымен жүзеге асырылады.

Тізілімге декларацияны қабылдаған ұйымның атауы, оны мекен-жайы, декларацияны тіркеу нөмірі және сәйкестігі расталған өнім түрі, декларацияның жарамдылық мерзімі енгізіледі.

169. Декларацияда тіркеу деректері (декларацияны тіркеген сәйкестікті растау жөніндегі органның атауы мен мекен-жайы, оның тіркелген күні, декларацияның тіркеу нөмірі) жазылады және бірінші басшының немесе оның уәкілетті тұлғаның қолымен және сәйкестікті растау жөніндегі органның мөрімен бекітіледі.

Декларацияның көшірмесі өтінім берушінің басшысының қолымен және мөрімен (заңды тұлға үшін) бекітіледі.

170. Сәйкестігін растаудан өткен өнімге қоса берілетін ілеспе техникалық құжаттамада (техникалық паспорт және т.б.); сондай-ақ тауардың ілеспе құжаттамасында өткізілген сәйкестігін растау рәсімдері туралы жазбаны түсіруге рұқсат етіледі және Сәйкестік туралы декларацияның нөмірі мен берілген күні жазылады.

171. Егер сәйкестігін растаудан өткен өнімнің қауіпсіздік көрсеткіштері техникалық регламентте, ал ол болмаса өнімге арналған нормативтік құжатта одан қатаңға өзгерген болса, онда Декларацияның күші тиісінше техникалық регламентке немесе нормативтік құжатқа өзгерістер енген күннен бастап тоқтатылады.

172. Дайындаушы немесе оның уәкілетті тұлғасы Декларацияны бұйымды соңғы жасағаннан кейін 5 жыл ішінде техникалық құжаттамамен бірге сақтайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік бақылау органдарының талап етуімен оның көшірмесін тексеру үшін береді.

8.5 Инспекциялық бақылау

173. Сәйкестігін растаудан өткен өнімді инспекциялық бақылауды Сертификатты берген немесе Сәйкестік туралы декларацияны тіркеген сәйкестікті растау жөніндегі орган жүзеге асырады.

174. Сәйкестігін растаудан өткен өнімді инспекциялық бақылау өнімнің үлгілерін сынауды және өткізілетін өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігі жалғасуда екендігін растау үшін қажетті басқа тексерулерді қамтитын кезеңдік

және жоспардан тыс тексерулер нысанында жылына кемінде бір рет Сертификаттың немесе Сәйкестік туралы декларацияның барлық қолданылу мерзімі ішінде жүргізіледі.

175. Инспекциялық бақылаудың кезеңділігін пайдаланылған модульге сәйкес сәйкестікті растау жөніндегі орган айқындайды.

176. Инспекциялық бақылауға мынадай жұмыс түрлері кіреді:

1) сәйкестігін растаудан өткен өнім туралы келіп түсетін ақпаратты талдау;
2) сапасы тұрақты өнімді шығару үшін қажетті шарттардың сақталуын тексеру ;

